

ӘОЖ 519.6:517.977.56:629.762

Джакупова А.Н., D010 "Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының I курс докторанты

*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
Aimgul.Djakupova@mail.ru*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

МЕСТО И РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННО - КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА СТУДЕНТОВ

THE PLACE AND ROLE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE ORGANIZATION OF THE EDUCATIONAL PROCESS OF STUDENTS

Аңдатпа. Теориялық зерттеу мамандықты таңдаған адамға жеке, сараланған көзқарастың болмауы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі және қазіргі еңбек нарығының әлсіз мониторингі болып табылатын негізгі мәселелер шеңберіне арналған. Бұл мақалада болашақ мамандар үшін ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолданудың өзекті мәселелері, білім алушы алдына жаңа бағыттағы мақсаттар көрсетілген. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары талданған.

Түйін сөздер: оқытушы, студент, технологиялар, әдістер, оқу үрдісі, компьютер, кәсіби таңдау, жеке ерекшеліктер.

Аннотация. Теоретическое исследование посвящено кругу основных проблем, которые заключаются в отсутствии индивидуального, дифференцированного подхода к человеку, выбравшему профессию, нехватке квалифицированных кадров и слабом мониторинге современного рынка труда. В данной статье освещены актуальные проблемы применения информационно - коммуникационных технологий для будущих специалистов, цели новой направленности перед обучающимся. Проанализированы преимущества использования информационных технологий.

Ключевые слова: преподаватель, студент, технологии, методы, учебный процесс, компьютер, профессиональный выбор, индивидуальные особенности.

Abstract. The theoretical study is devoted to the framework of the main problems, which are the lack of an individual, differentiated approach to the chosen profession, the lack of qualified personnel and weak monitoring of the modern labor market. This article presents topical issues of using information and communication technologies for future specialists, goals in a new direction for the student. The advantages of using information technologies are analyzed.

Keywords: teacher, student, technologies, methods, educational process, computer, professional choice, personal characteristics.

Заманауи еңбек нарығының талабы – білімді, әрі білікті, яғни жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген мамандар.

Қазіргі таңда ақпараттық- коммуникативті технологияларды дамыту - білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі. Себебі, ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі кезде білім алушылардың белгілі бір біліммен ғана қамтамасыз ету аз. Студенттердің өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Қоғамның дамуымен қатар болашақ мамандарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Осыны іске асыру үшін сабақ барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдаланудың маңызы зор.

Жалпы ақпараттық-коммуникативтік технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде білім алушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оқытушы студенттің интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына оң әсерін тигізеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- электронды оқулықтар;
- телекоммуникациялық технологиялар;
- мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- қашықтықтан оқыту (басқару).

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде білім алушы алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;

Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).

Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта,

телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы - білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында студенттердің ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ақпараттық құзіреттілік:

- сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;
- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік беруді.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып білім алушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат білім алушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады.

Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Ақпараттық- коммуникативтік технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- білім алушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі.

Студенттердің сабақ барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалану - оқытудың тиімді әдістерінің бірі.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары:

Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

Білім алушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Студенттің танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Ақпараттық технологияны оқу үдерісінде қолдану- ғылым негізін түсіну, ғылым жүйелігін жүзеге асырудың басты шарттарының бірі екендігіне көз жеткіземіз, сонымен қоса қазіргі өндірістің ғылыми негізін меңгеру, техникалық процестер мен құрылымы, оның негізгі қағидаларын түсіну жүзеге асады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - кез-келген дамушы елдің даму процесін жақсарту немесе жеделдету үшін үлкен әлеуетке ие құрал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Доллинер Л. Ақпараттық коммуникациялық оқыту технологияларының мәселелері және болашағы. «Информатика негіздері» Ғылыми-әдістемелік журналы, 2008 ж.
2. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2000ж.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 2006. Кенжебеков Б.Т. Педагогикалық жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. :13.00.08. – Караганды, 2005.
4. Балыкбаев Т.О. Теоретико-методологические основы формирования студенческого контингента вузов: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 2003ж.
5. Чуприкова Н.И. Умственное развитие и обучение (Психологические основы развивающего обучения) / М.: АО «СТОЛЕТИЕ», 1994. – 192 с.